bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Адам қалай есейеді?

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 15.01.2020 | https://bilimger.kz/66923/ |

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп:№ 177 | Бастауыш сынып мұғалімі Бертакова М.Ж. | |
| Сынып:1 | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| Пән | Жаратылыстану | Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:Адам |
| **Сабақ тақырыбы** | Адам қалай есейеді? | |
| **Оқу мақсаттары** | 1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау; 1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушы:** адам өмірінің жас кезеңдерін ажыратады.<br>**Көптеген оқушы:.** адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтайды<br>**Кейбір оқушы:** адам өмірінің негізгі кезеңдерінің ерекшелігін әңгімелейді. | |
| **Бағалау критерийлері** | Адам өмірінің жас кезеңдерін атайды және сипаттайды<br>Адам өмірінің жас кезеңдерінің ретін анықтайды<br>Адамның өсіп-дамуына қажетті жағдайларды атайды. | |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар:**<br>Адамның есею кезеңдерін айтатын болады<br>**Пәнге қатысты лексика мен терминология:**<br>Сәби,жасөспірімдік кезең,балалық шақ,жастық шақ,кемелдену кезеңі,карттық шақ.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>· Балалық шақтан соң қай кезең басталады?<br>· Қарттық кезеңде адам қандай күйге енеді?<br>· Адамдар бірден картая ма?<br>· Адамның жасы ұлғайған сайын бойы қалай өзгереді?<br>· Адамдар неліктен өседі және дамиды? | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Үлкендерді сыйлау және оларға құрмет көрсету; жауапкершілік; өмір бойы оқуға дайын болу,өзгелердің мәдениетіне құрметпен қарау | |
| **Пәнаралық байланыс** | Дүниетану,математика ,дене тәрбиесі | |
| **Бастапқы білім** | Адамның дене мүшелері. Адам өседі. | |
| Жоспар | | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған шаралар (бағаналардың мазмұнын жоспарланған шаралармен ауыстырыңыз)** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басы5 мин | Ұйымдасу кезеңі.<br>Ширату. «Жүректен жүрекке».<br>Оқушылар шеңбер бойында бір — біріне «өс» сөзін пайдаланып жылы сөздер айтып, дені сау болып өсу үшін спортпен шұғылдану керектігін біледі.<br>Кері байланыс. «Сиқырлы таяқ» әдісі.<br>— Неліктентен спортпен шұғылдану керек?<br>-Спорттың қандай түрлері бар?<br>Топқа бөліну: Бір екі үшке санап үш түрлі жаттығу жасайды да үш топқа бөлініп отырады.<br>МК: Сабақ тақырыбы мен мақсаты хабарланады. | Жүрек |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Ортасы 25

(Ұ) «Салыстыр» әдісі
Алдын ала дайындап әкелген отбасы суреттерді пайдаланып өсу ретімен әңгімелеп,суреттегі адам өмірінің даму кезеңдерімен салыстырады.

Кері байланыс: «Бірге ойлайық» әдісі
- Дүниеге келген жас баланы кім дейміз?
- Сәби кезің есіңде ме?
- Жаңа туған сәби қандай болады?

Мк Бағалау: жарайсыңдар!

(Т) «Елшілік» әдісі арқылы.
Топ мүшелері өзара сайланады.Топ басшы – топ мүшелерін сайлайды.
Баяндамашы-тапсырманы бөліп береді.
Хатшы-кері байланыс туғызады.
Уақыт сақшысы-уақытты қарап отырады.
Ішкі бақылаушы-бақылайды.
\Адам өмірінің есею кезеңдерін айтады.Кезеңге сәйкес қажетті заттарды табады. Адам өмірінің кезеңдерінің ерекшеліктерін әңгімелейді.Әр топ оқу құралдарын өзіне қажетті заттарды,адам өміріне қажеттілігне байланысты таңдап алып келесі топқа елшілік жасап адам өмірінің кезеңдерін айтады.

1 топ – Сәбилік кезең
2 топ – Бүлдіршін кезең
3 топ- Оқушы кезең

Кері байланыс: «Екі жұлдыз,бір ұсыныс»
-Сәби қалай тамақтанады?
-Бүлдіршін қайда барады?
-Оқушы қайда барады?

\Сұрақ көлемінде ойланып, жауап береді\\
- Адам неліктен өседі және дамиды?

Бағалау «Басбармақ» әдісі топтар бір бірін бағалайды

(Ж.Ж) «Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі
/оқушы мен бүлдіршін суреттері бойынша жұптасады./

Біреуі адам өмірінің әрбір сатысының маңыздылығының кезеңдерін табады.Екіншісі адамның өсу кезеңдерін іс әрекетін көрсетеді.
Кеі байланыс: « Иә,жоқ » әдісі
- Адамдар бірден қартая ма?
- Адамның бойы өзгереді ма?

Бағалау: «Жұлдызшамен»
Жұптар бір -біріне қолдау көрсеткені үшін қызыл,көк жұлдызша көрсетеді/

**МК: дерек көздерінен ақпарат Есте сақта!** Бала сәбилік, балалық шақта және жасөспірімдік кезеңде тез өседі. Жастық шақта өсіп-жетіледі. Кемелденген және қартайған шағында адамның өсуі тежеледі.

(Ж) «Қоңырау» әдісі
/әр оқушы кестені толтырады/Оқушы қоңырау алып ойын айтып келесі балаға береді.
Отбасы мүшелерін табады.Олардың есею кезеңін анықтайды, кестеге жазады

Кері байланыс: «Анықтайық» әдісі
- Отбасыңда неше адам бар?
- Ағаңның жасын табу қиын болды ма?

Бағалау: «Смайлик»

Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

-Адам өмірінің жас кезеңдерін атайды және сипаттайды.
-Адам өмірінің жас кезеңдерінің ретін анықтайды.

Дескриптор: -адам өмірінің жас кезеңдерін (сәби, азамат, қарт) атайды.
-суреттерді сәйкес сөздермен сәйкестендіреді.
Адам өмірінің негізгі кезеңдерінің ерекшелігін әңгімелейді

Сараланған тапсырмалар:
Қабілеті жоғары оқушыларға:
\адамның даму кезеңдерінің жас ерекшелігін сәйкестендіреді\

| | |
|---|---|
| 6-7жас | Сәби |
| 1-2 жас | Бүлдіршін |
| 3-5 жас | Оқушы |

Қолдауды қажет ететін оқушыға:
Адам өмірінің жас кезеңдерінің ретін анықтайды.

| бүлдіршін | Сәбилік шақ | Қарттық шақ | Жастық шақ |
|---|---|---|---|
| | | | |

Қабілеті төмен оқушыға:
**Зерттейік» әдісі**
**А**дамның өсу, есею кезеңіне қарай әрекет қимылын анықтайды.
Атаның жасай алатын іс әрекетін жасылмен, баланың жасай алатын іс әрекет қимылын көкпен бояйды.

Сәби,бүлдіршін, Оқушы суреттері

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Соңы 10мин | Рефлексия «Еркін микрофон» әдісі<br>· Бүгінгі сабақ бойынша не есте қалды?<br>· Балалық шақтағы әрекет түрлерін<br>· Қай кезде адамның дамуы тежелетінін<br><br>· Қай кезеңде адам өсіп жетілетінін.<br><br>Бүгінгі сабақтың ұнағандығын оқушылар бағдаршам түсін көрсету арқылы білдіреді. | |
| Қосымша ақпарат | | |
| Дифференциация – Сіз оқушыларға көмектесуді қалай жоспарлайсыз? Неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар беруді жоспарлайсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыстар.<br>Денсаулықпен қауіпсіздік<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |
| *Оқушылардың қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес топтық жұмыс түрін, жас ерекшелігіне сәйкес ұжымдық жұмыс түрін қойылатын сұрақтарды оқушылардың танымдық қабілетіне сәйкес саралалдым.* | *Сабақтың өн бойында топтық,жұптық,жеке жұмыс барысында жасаған,айтылған ақпараттар бағаланып отырады* | *Белсенді жұмыс түрлерін өткізуде,ширату жаттығуы кезінде , жазылым кезіндегі қаламның ұшынан, сынып жабдықтарының қатты қырларынан,АКТ т.б қауіпсіздік техникасы сақталады* |
| Пайымдаулар<br><br>Оқытудың/сабақтың мақсаттарына қол жеткізілетіндей болды ма?<br>Бүгін оқушылар не нәрсеге үйренді?<br>Оқыту атмосферасы қандай болды?<br>Дифференциацияны жүзеге асыру қолдан келді ме?<br>Мен уақыттық кестені ұстандым ба? Мен жоспардан қандай ауытқушылықтар жасадым және неліктен? | | |
| **Қорытынды бағалау**<br><br>**Неғұрлым жемісті екі сәтті атаңыз (сабақ беруде де, оқытуда да)?1:**<br><br>**2:**<br><br>**Сабақты жақсартуға ықпал ететіндей екі жайтты атаңыз (сабақ беруде де, оқытуда да)?**<br>**1:**<br><br>**2:**<br>**Мен сынып пен жекелеген оқушылар туралы жаңа нені білдім және бұл менің келесі сабағымды өткізуіме қалай әсер етеді?** | | |
| | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.